

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Конференция атауы:

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Название конференции:

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

Conference name:

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

Жинақ / сборник:

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

ISBN:

978-601-262-550-9

Секция:

IV.1 ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОРИЕНТИРЫ НОВОГО КАЗАХСТАНА

Жинақтағы жариялану нөмірі:

№ 16

Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:

84 / 84-88

Автор(лар):

Қайратова Бекзада Алимбетқызы

Мақала атауы:

ЖАҢАНДЫ ЖАЙЛАҒАН ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

ЖАҒАНДЫ ЖАЙЛАҒАН ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

Қайратова Бекзада Алимбетқызы

bekzada2005@icloud.com

6B04101 - Экономика білім бағдарламасының 2 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, э.ғ.м., аға оқытушы - Джумаева А.Қ.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына 31 жыл болды, алайда Қазақстанның алғаш ел болып дамыған күндерінен-ақ біраз талқыға түскен мәселелер әлі де толық жетілген жоқ. Сондай мәселелердің бірі жұмыссыздық болып табылады. Бұл тақырыптың өзекті болуы да осы да халықтың жалпы тұрмыс-тіршілігін күнделікті күнкөрісін көре отырып, жеке дара анықтаса әлдеқайда шынайы ақпаратқа көз жеткіземіз. Күн сайын азық-түліктің қымбаттап бара жатқандығымен қатар, жұмыссыздық – мемлекеттің алдында тұрған өзекті мәселе. Тұрақты жұмыстың жоқтығы әлеуметтік ахуалдың төмен деңгейін көрсетеді. Табысы шәй пұлынан аспайтын отбасыларда күнкөрістің қамымен күй кешіп отырғандары қаншама? Тығырыққа тіреліп, екі қолға бір жұмыс таппай сенделіп жүргендер де көп.

Қоғамды алаңдататын кедейшілік пен жұмыссыздық мәселесі қаншалықты ушығып тұрғанын көп отбасыны, жастарды алаңдатып отырған жетіспеушіліктің өзі дәлел бола алады. Біздің қарапайым түсінікте жұмыссыздық қандай да бір адамның белгілі бір себептерге байланысты жұмыссыз болуы дегенді білдіреді. Алайда адамды жұмыссыз деп тану үшін ол белгілі бір өлшемдерге сай болуы керек. Біріншіден, белгілі уақытта табысты жұмысы болмаған, екіншіден, белгілі бір уақытта жұмысты белсенді іздеумен айналысқан, үшіншіден, белгілі бір уақытта жұмысқа кірісуге дайын болған азаматтарды жұмыссыз деп тануға болады. Жұмыссыздық бүгінгі күнде жастардың ойынша шешуге түйіні жоқ мәселе жұмыс тобының қатарына кіретін, жұмысы жоқ және белсенді түрде жұмыс іздеп, таба алмай жүрген азаматтардың қатары. Осы орайда туындайтын сұрақ Қазақстан жастарының NEET санатына көп болуы неде?

NEET – not in Education, Employment or Training: ағылшын тілінен аударғанда «білімі, жұмысы немесе кәсіптік даярлығы жоқ» деген мағынаны білдіреді, әдетте жастарға қатысты айтылады. Қазақстанда «уақытша тұрақсыз жастар» ұғымы заң жүзінде 2022 жылы бекітілді. NEET құбылысын Қазақстанда зерттеуге алып, аталған мәселені түпкілікті талдап жүрген отандық сарапшылардың айтуынша, бұл санаттағы жастар деструктивті топтардың оңай олжасына айналуы әбден мүмкін, егер әрине, мемлекет, қоғам болып, тиісті шара қолданбаса. Әлеуметтанушы, Eurasian center for people management орталығының жоба жетекшісі Айман Жүсіпова алға тартқан деректерге сүйенсек, 2023 жылдың II тоқсанында Қазақстандағы NEET санатындағы жастардың саны 401 584 адамға жеткен. Салыстыру үшін мысал етсек: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы мәліметінше, 2023 жылдың 1 наурызда Атырау облыстағы халық саны 695,2 мың адамды құрады. Яғни, еліміздегі «уақытша жұмыссыз жастардың» саны тұтас бір облыс халқының жартысынан асып түсеті. Бұл бізге берілген дабыл секілді соғуға және де еліміздің өзіміз қалайтындай мықты мемлекеттер қатарына кіруіне деген экономикалық тежеу. Статистика органдары халықты жұмыс күші құрамына кіретін адамдар және жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар деп бөледі.

Жұмыссыздық: кімді және қалай есептейді?

Қазақстан Республикасында жұмыссыздық қатарына кірмейтін бірнеше топ өкілдері бар:

- 1) 16 жасқа дейінгі балалар
- 2) зейнетке шыққан зейнеткерлер
- 3) денсаулығына немесе басқада жағдайлармен еңбекке жарамсыз тұлғалар. Осы аталған тұлғалардан басқа барлық азаматтар жұмыссыздық қатарына кіреді деп ойлаймыз.

Ендеше, біз жұмыссыздықты экономист Данияр Молдокановтың үлгісімен есептеп көрейік, Еңбек нарығында қалыптасқан жағдайды түсіну үшін алдымен терминнің басын ашып алу керек. Қиялға ерік беріп, жылқының қазысынан басқа ештеңе өндірмейтін Қазыстан деген ел бар деп елестетіп көрейікші. Бұл елде 40 адам тұрады делік. Олар:

- 1 фермер және оның 3 көмекшісі
- 1 қасапшы және оның 2 көмекшісі
- 1 шұжық цехының қожайыны және оның қоластында істейтін 10 жұмысшы
- 1 көлік компаниясының қожайыны мен оның 5 жүргізушісі
- 1 дүкен иесі мен 1 сатушы
- 2 тұрақты жұмысы жоқ, бірақ белсенді түрде жұмыс іздеп жүрген адам
- 2 еңбекке қабілетті, бірақ жұмыс істемейтін және жұмыс іздемейтін де адам
- 5 студент
- Жоғарыдағылардың барлығы 16 жастан асқан, зейнет жасына жетпеген
- 3 кішкентай бала
- 2 зейнеткер.

Ал енді Қазыстандағы жұмыс күшін есептеп көрейік. Қазыстан заңдары бойынша, ең бірінші критерий – 16 жастан 60 жасқа дейінгілер. Яғни 16 жасқа дейінгі балалар мен зейнеткерлер жұмыс күшінің қатарына кірмейді.

Екінші критерий – жұмыспен қамтылу дәрежесі: жұмысшы тобының құрамына кіру үшін не ол адамның жұмысы болуы керек, не белсенді түрде жұмыс іздеп жүрген болуы керек. Көріп отырғанымыздай, біздің жағдайда еңбекке жарамдылардың ішінде 2 адам жұмыс істемейді және жұмыс іздемейді де, сонымен бірге жұмыс істемейтін және іздемейтін, бар уақытын оқуға жұмсайтын 5 студент бар. Сонымен, Қазыстандағы жұмыс күшінің құрамы – 28 адам, жұмыс күші құрамына кірмейтіндер – 12 адам.

Экономикалық белсенді емес халық – қандай да бір себептерге орай жұмыс күшінің құрамына кірмеген адамдар.

Жұмыс күші дегеннің не екенін білеміз, енді жұмыссыздықты есептеп көрейік. Қолда бар дерек бойынша, біздің елімізде жұмысы жоқ 14 адам бар: жұмыс күші қатарына кірмейтін 12 адам және белсенді түрде жұмыс іздеп, бірақ таба алмай жүрген 2 адам бар. Бірақ, олардың бәрін бірдей жұмыссыздар қатарына жатқызуға бола ма? Ендеше, Қазыстанда белсенді түрде жұмыс іздеп жүргенімен, таппай жүрген 2 адам ғана жұмыссыздар қатарына жатады. Бұл аз ба, көп пе? Мұны түсіну үшін жұмыссыздардың жұмыс күшіндегі үлес салмағы қанша екенін қарайық (басқаша айтсақ, жұмыс күшін біртұтас десек, оның белгілі бір бөлігі жұмыссыз деген сөз).

Біздің санағанымызды экономистер жұмыссыздық деңгейі деп атайды. Жұмыссыздық деңгейін пайызға шағып есептеуге болады, ол үшін олардың үлесін 100%-ға көбейтеміз.

Жұмыссыздық деңгейі = $(2:28) * 100 \% = 7.14\%$. Яғни, Қазыстандағы жұмыс күшінің 7.14%-ы жұмыссыз. Осыған орай бірнеше сұрақ туындайды:

- Зейнеткерлердің көпшілігі жұмыс істейді, сонда олар бәрібір еңбекке жарамды тұрғындардың қатарына жатпай ма? Жауабы – жоқ. Егер адамның жұмысы болса, жұмыспен қамтылу дәрежесі еңбекке жарамдылық жасынан басым болады. Яғни, жұмыс істейтін зейнеткерлер еңбекке жарамды халықтың қатарына жатады.

- Ал балалар ше? Ауылдық жерлерде екі баланың бірі жасөспірім кезінен егіс алқабында жұмыс істейді, ендеше олар неге жұмыс күшінің құрамына кірмейді? Өйткені 15 жасқа толмаған балаларды жұмысқа орналастыру Қазақстан заңдары бойынша балалардың құқығын бұзу болып есептеледі және ол үшін заң алдында жауапқа тартады.

- Студенттер ше? Студенттер заң бойынша еңбекке жарамды жаста болып есептеледі, бірақ тек жұмыс іздеп жүрсе және жақын уақытта жұмысқа араласып кете алатын болса ғана жұмыссыздар қатарына жатады. Жұмыс істейтін студенттерді жұмысбасты деп есептейді. Егер студент жұмыс істемесе, жұмыс іздемесе және жұмыс істегісі келмесе, мұндай адамды жұмыссыздар қатарына жатқызбайды және олар жұмыс күшінің құрамына кірмейді.

Жұмыссыздыққа тікелей әсер етуші факторларды айқын көрсетейін;

1) Ата-ананың әсері кейде, тіпті, баласының талпынысы мен таңдауын есепке алмай, өз көкейіндегі беделді дейтін мамандықты таңдап берулері.

2) Объективті проблема жастарға ұсынылатын жалақының аздығы және де таныс тамырға сенім арту.

3) Білім деңгейі де жастардың еңбек нарығында сұранысқа ие болмауында. Білім алғанын растайтын диплом жастардың жұмыспен қамтылуына кепілдік бермейді. Олардан жұмыс тәжірибесінің талап етілуі. Бұны тегін (кәсіби/жоғары) білім беру бағдарламаларының нәтижесінен көруге болады.

4) Гендірлік стереотиптер. Жұмыс берушілер жұмысқа алу кезінде ер адамдарды жұмысқа тез қабылдауға бейім.

5) Тұрғылықты орналасатын жерлері болмауы мен қатар бәсекелестіктің төмен болуы.

6) Зейнеткерлер өз орындарын толық босатпауы, еңбек өтілі мамандарды тартуға бейім.

7) Халық саны артуда ал, қызмет ететін мекемелер, жаңа өндіріс орынының аз болуында,

8) Жас мұғалім мамандардан талап етілетін қосымша тесттер.

9) «уақытша жұмыссыздар» санатына демалыстағы адам-дар (жыл сайынғы еңбек, жұмыс берушінің бастамасы, бала күтімі, оқу), жеке себептер бойынша жұмыссыз жүру, денсаулық жағдайы, жұмыстың маусымдық болуы, жұмыстың уақытша тоқтап тұруы, ауыспалы жұмыс немесе еркін жұмыс кестесі кіреді.

10) ЖОО бөлінетін гранттар. Мектеп бітіруші түлектер мамандық таңдау кезінде көбінесе қандай мамандықтарға грантқа түсе алады, соған қарай мамандық таңдайды. Болашақ кезеңде ол мамандыққа сұранысты ескермейді. Нәтижесінде мамандық бойынша диплом алған маман иесі еңбек нарығында сұранысқа ие бола алмаса жұмыссыздар қатарын ұлғайтады.

Мемлекет тарапынан жастарды жұмыспен қамтуға арналған бірнеше бағдарламалар, әлеуметтік көмек, жұмыс іздеуге арналған центрлар бар болғанымен, жастар ол туралы мәліметтерді аз біледі. Алайда жыл өткен сайын NEET жастар саны көбеймесе, азаяр емес. Жастар құлақсыз ба, әлде мемлекеттік бағдарламалар қауқарсыз ба?

Осы орайда менде осы мәселені шешуге бағыт бағдарымды ұсынуға жөн көрдім. Біріншіден қазіргі таңда ауылдық жерлерде ауыл тұрғындар саны әлі де азайған жоқ ер адамдар қара жұмыспен айналса әйел адамдар жұмыс істегісі келсе де орын саны шектеулі немесе қалаға қатысуға мүмкіншілік жоқ. Ауылда бала саны көп болғанымен мектеп, балабақшалар саны аз ал, жұмыс орны толы. Балалар 3 ауысыммен оқитындығын ешкім жоққа шығармайды. Мемлекеттен көмек ретінде тұрғындары көп ауылдарға қосымша мектеп, балабақша салынса балаларға және де жұмыс ізденуші тұлғаларға үлкен көмек болуы әбден мүмкін. Сол жерлерден цехтар, өндіріс орындары (жүн иіру, жіп жасау, тоқыма тоқу т.б), кәсіби фермалар ашылса жұмыспен қамту қарқынды жүзеге асарына сөзсіз сенімдімін. Екіншіден, ай сайын мониторинг жүргізу арқылы зейнетке шығып бірақ әлі қызметте жүргендердің орнын босатып, жастарға беру. Үшіншіден, таныс тамыр арқылы емес жұмыспен қамту орталығындағы халықтан алу. Төртіншіден, мысалы 10тбасында 5 мұнайшы деп алсақ 2-уі зейнеткер ал 3-еуі орын басушы яғни, мұрагерлікпен еңбек етушілер, бұны болдырмау үшін мемлекеттік бағдарлама нәтижесі арқылы жұмыспен қамту керек. Бесіншіден, тәрбие тал бесіктен демекші 9-10-11 сыныптар арасында мамандық таңдауға арнайы бағыт бағдар беретін пәндер енгізу шарт. Бұл жалпы келешек жастардың тура жолда өз икемдерімен саналы түрдегі болашаққа қадам басуларының алғышарты. Алтыншы, жастарды жұмысқа алу үшін жұмыс берушілерді ынталандыру керек. Атап айтқанда, мұндай жаңа қызметкерлер үшін жұмыс берушілердің әлеуметтік аударымдарын азайтуға немесе ұзақ уақыт жұмыссыз жүрген, біліктілігі төмен жастарды жұмысқа алатын компанияларды субсидиялауға болады. Жетіншіден, мемлекеттен берілетін көмекті еркін түрде жариялау. Мемлекет жас азаматтарды білім беру жобаларына тарту және жұмыспен қамтуға бағытталған бірқатар шараны қабылдауда. NEET жастарды жұмыспен қамту және әлеуметтендіру бойынша Жол картасы

қабылданды. Жұмыс 6 бағыт бойынша жүргізіледі. Олар: кәсіптік бағдарлау, кәсіби оқыту, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жастар кәсіпкерлігін дамыту, жастарды әлеуметтендіру, ұйымдастыру-әдістемелік іс-шаралар. Жүзеге асырылатын шаралардың ішінде атап өтетіндері:

1. «Дипломмен ауылға» бағдарламасына ынталандыру. Атап айтқанда: мамандарға берілетін бір жолғы жәрдемақы мөлшерін 70-тен 100 АЕК-ке дейін ұлғайту, тұрғын үй сатып алуға 3,7 млн теңгеге дейін арзан несиелер беру көзделген.

2. 2014 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан «Серпін» жобасы аясында жұмысқа алады.

3. 2017жылдың қыркүйегінен бастап «Баршаға арналған тегін техникалық және кәсіптік білім беру» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Ол бойынша барлық ниеттілер жұмысшы мамандығын тегін ала алады.

4. Өзін-өзі асыраушы және жұмыссыз жастарды оқытып, кәсіпкерлікке ынталандыруға арналған «Жас кәсіпкер» бағдарламасы бар.

5. Халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметі. Олардың саны ел бойынша 200-ге жуық.

6. Жастар ресурстық орталықтарының қызметі. Онда жастар жұмысқа орналасу, білім беру, кәсіби дайындық, бос уақыт, туризм және спорт туралы ақпарат алады.

Елдегі жастардың басым бөлігі интернет ақпараттар екеніне қарамастан, NEET жастарының негізгі проблемасы – мемлекет көрсететін қолдау шаралары туралы ақпараттан тыс қалып жататыны. Жастар жүзеге асырылып жатқан «Жас кәсіпкер» бағдарламасы туралы да құлақтанбаған. Сондықтан ай сайын осы орайда жариялау жаңалықтарын немесе акцияларды, арнайы шараларды еркін түрде қолайлы мақсатта жариялау керек. Бұл жастардың қызығушылығын арттыратынына кәміл сенемін.

Жарқын болашақ Қазақстанда жастарға көмек көрсету аясында, жоғарыда айтылған қысқа мерзімді «Жас кәсіпкер», ұзақ мерзімді «Серпін», Баршаға арналған кәсіптік және техникалық білім беру бағдарламасы секілді түрлі білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады. Олардың мақсаты Қазақстандағы қазіргі заманғы еңбек нарығының сұраныстарына қаншалықты сәйкес келетінін, тегін білім берудің қаншалықты сапалы екенін түсіну, түлектер санына негізделген формальды әрекет ету негізделген. Қазір адамдардың барлығына жақсы, табысы жоғары жұмыс керек. Бұл – жайлы өмір сүру үшін жасалатын тіршілік. Бір басын ғана емес, отбасын, бала-шағасының болашағы үшін жан бағу. Десек те айқын мақсатың болмаса, тапшылық етегіңнен алады. Оның ақыры жұмыссыздыққа әкеледі. Сондықтан мемлекет тарапынан ұсынылған бағдарламаларға аса мән беріп, оның тиімділігін бағамдап, нақты әрекетке тырмысу – жұмыссыз қалмаудың кепілі болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Алматы, Print-S, 2012. – 460 б. 9-тақырып.

2. Мамыров Н.Қ., Тілеужанова М.Ә. Макроэкономика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2003. 3-тарау

3. Tirshilik-tynysy.kz ақпараттық агенттігінің “Саясат” бөлімінің (Бибісара ЖАНӨЛІ) мақала жинағы.

4. <https://ekonomist.kz/kz/moldokanov/jumyssyzdyq-kedeilik-kim-qalai-esepsey/>

5. <https://bilim-all.kz/article/15157-Qazaqstandagy-zhastardyn-zhumyssyzdyq-masesin-qalai-sheshuge-bolady> / Tanabaeva2004 /07.06.2021

6. <https://stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/>

7. <https://ekonomist.kz/kz/zhussupova/zhastar-neet-zhumyssyzdyq-memleketik-bagdarlama/> Айман Жусупова мақала” NEET ұрпақ: мемлекеттік бағдарламалар жастар арасындағы жұмыссыздықты жоя ала ма?”

8. Программа «Дорожная карта занятости 2020»
<https://kapital.kz/gosudarstvo/64943/programma-dorozhnaya-kartazanyatosti-2020.html>
уақыты: 10.12.2019) (жарлық: интернет-ресурс) (қарау